



Кәсіпорын қанат жайып келеді

Игілікке ұмтылыс әр өркениетті қоғамның мәнді өзегі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Экономиканы қарқынды дамыту үшін тек мемлекет қаржысына сүйену жеткіліксіз екені анық. Жеке инвестициялар тарту арқылы іскерлік белсенділіктің артуына қолайлы жағдай жасаған жөн» деген мұратты пікірі қос қолымыздан өніп шыққан нығмет атаулысын сәйкесінше паш етуге үйейді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алтын үлгі

– Саран қаласының экономикасын әртараптандыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Онда автокөлік доңғалағын және тұрмыстық техника шығаратын өндірістер іске қосылды. Соның арқасында бұл елдімекен монокалалар санатынан шығарылды. Басқа да монокалаларға дем беру үшін осы тәжірибені қолдану қажет, – деп Жолдаудағы ордалы ойын сабақтаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Саран феноменін әртарапта жерден бауырын кілт көтерген фәни құстай түлетуге болатынын айқын аңғартқан-тын. Иә, құны кетпес, сыны кетпес



Коллекция асыраған Шығар Азаматова

құндылық өндіруді ешкім әп-сәтте үйрене салмасы кәдік. Дұрысы, бастан кешіп, тәжірибе топтайды. Пайымымыз зая кетпес үшін ел Президентінің «Автокөлік құрас-

тыру ісінде оң нәтижелер бар. Осы қарқынды сақтап, жергілікті өндіріс көлемін ұдайы арттыру керек. Мемлекеттің автокөлік өнеркәсібіне көрсетіп жатқан жан-жақты

қолдауы түптің түбінде толыққанды автокөлік құрастыру кластері ретінде елдің игілігіне айналуы қажет» деген сарабал пікірін дәйектей кеткенді құп көрдік. Әсілі,

ынтымақ ыдырамаса, ырықсыз дүние жоқтығы және бір ақиқат. Сарандағы соны серпіліс осыны алтын үлгі етердей.

Президент пәрмені көлік



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

құрастыру саласын дамытуды үнемі назарда ұстау қажеттігін Үкімет тарабы жете сезініп, жан-жақты қолдау көрсету үстінде. Бір жарқын мысал. Күні бүгінге дейін автобус құрастырып келген қазыналы Қарағандыда енді жүк көліктері де шығарылмақ.

Ізашар іргетасы

Іс бастау – ауыр міндет. Өңірде өркен жаяр ірі істің ізашар іргетасы да қаланды. Нақтырақ айтсақ, Саран қаласында, яғни, еліміздің өнеркәсіптік картасына кең тыныс беретін жоталы жоба жүзеге асырыла бастады. Енді елімізде ауыр жүк көліктері мен арнайы техниканың өзімізде құрастырылатын күні алыс емес. Өйткені, қытайдың әлемге әйгілі «Sinotruk» компаниясы мен отандық «Saran Machinery» компаниясының бірлесуі нәтижесінде құрылған кәделі кәсіпорын – өндірістік әріптестіктің айшықты үлгісіне айналмақ. Жобаның артында Үкімет пен облыс әкімдігінің нақты қолдауы тұр. Зауыт жай зауыт емес, Қазақстан мен Қытай арасындағы өнеркәсіптік ынтымақтастықтың жаңа белесі, технология трансфері мен білікті кадр даярлаудың тың алаңы деуге келерлік.

► 3-бет

Бұқара бақуатты болады

Биыл Қарағанды облысында әлеуметтік салада айтарлықтай ілгерілеушілік байқалды. Бюджет қаражатының 36%-ы әлеуметтік бағыттарға жұмсалып, денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту және инфрақұрылым салаларында маңызды жобалар іске асты.

Әсіресе, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік көмек көрсету және зейнет жастағы азаматтарды қолдау бағыттарында нақты нәтижелер байқалды. Биыл Ұлттық жоба аясында облыстағы 92 ауылда денсаулық сақтау нысандарының құрылысын салу қарастырылған. Облыста әлеуметтік саланың тұрақты дамуына ықпал етіп, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға нақты серпін берген жаңалықтарға тоқталсақ.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуметтік нысандар – халық игілігіне

Бүгінгі таңда өңірде жалпы 26 нысан бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды. Оның ішінде 25 нысан (2023 жылы – 7 нысан, 2024 жылы – 18 нысан) пайдалануға берілді. Ақтоғай ауданы Қызылжар ауылында – 1 нысан, Бұқар жырау ауданының Қарақұдық, Новоузенка, Ақтөбе, Самарқанд ауылдарында – 4 нысан, Қарқаралы ауданының Томар, Ақжол (Мамырәев), Татан (Еңбек), Қызылту, Жарлы, Жаңаөтан, Бесоба, Белдеутас, Борлыбұлақ, Сарыобалы, Талды ауылдарында 11 нысан пайдалануға берілді. Сондай-ақ бұл тізімде Ақшатау кентіндегі және Шет ауданындағы 9 нысан бар.

Барлық 92 жобаны 16,4 млрд теңге көлемінде қаржыландыру көзделген. Оның ішінде 78 жобаға 7 млрд теңге бөлінді.

Қарағанды қаласында 200 орындық көпбейінді балалар ауруханасының құрылысы аяқталғаны облыс үшін үлкен оңға болды. Ауылдық жерлерде жылжымалы дәріханалар мен мобильді ме-

дициналық кешендер енгізіліп, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында шалғай ауылдарда фельдшерлік-акушерлік бекеттер салынууда. Оған қоса «Дипломмен ауылға» жобасы арқылы 60 медицина қызметкері тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, өңірде бүгінгі таңда жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау аясында 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Әлеуметтік салада «Еңбек» бағдарламасы арқылы 60 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды. Атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 6 635 адамды немесе 1 420 отбасын құрады.

Медицина ауылға бет бұрды

Бүгінде облыста ауылды медициналық мамандармен қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыстар жүргізілуде. Қарағанды, Теміртау, Балқаш қалаларында 220 жас маманға баспана бұйырды. Сонымен қатар, медицина қызметкерлеріне жаңа тұрғын үй кешенін салу үшін «Жаңа қала» шағын ауданында 1 гектар жер бөлінді, олар



Қарағандыдағы №24 жалпы білім беру мектебі

екінші деңгейдегі банктер арқылы қаржыландырылды. Ауылдық жерлердегі медицина қызметкерлерінің тапшылығын жою үшін облыста әлеуметтік қолдау шаралары енгізілді.

Бұл шаралардың нәтижесінде 2023 жылы 61 жас маманды ауылдық жерлерде жұмысқа орналастыру жолдары пысықталды. Жаңа медициналық нысандардың ашылуы ауыл тұрғындарына сапалы және уақытылы медициналық көмек алуға мүмкіндік берді. Мысалы, Нұра ауданының Кертінді ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория ашылып, тұрғындарда енді аудан орталығына бармай-ақ медициналық қызметтерді ала алатын мүмкіндік пайда болды.

– Кертінді ауылында жаңа

дәрігерлік амбулаторияның ашылуы – ауыл тұрғындары үшін үлкен жеңілдік әрі маңызды қадам. Бұрын ұсақ-түйек тексеріс пен кеңес алу үшін аудан орталығына баруға мәжбүр едік. Жол, уақыт, қаржы – бәрі қиындық тудыратын. Енді медициналық көмек қолжетімді, жылдам әрі өз ауылымызда көрсетілетін болды. Әсіресе қарт кісілер мен баласы бар аналарға ыңғайлы. Бұл – мемлекеттің халыққа деген нақты қамқорлығының көрінісі, – деп атап өтті жергілікті тұрғындар.

Жалпы, аймақта ауылдық медицинаны дамыту бағытындағы бұл шаралар ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталды. Медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету

жарқын әлеуметтік жобалардың жүзеге асуына сеп болды.

Әлеуетті арттырған жобалар

Осы орайда облыста соңғы жылдары бірнеше маңызды әлеуметтік жобалар іске асырылғанын атап өткен жөн. Мысалы, 2023 жылы Қарағандыда «Арқалан» атты әлеуметтік жобасы іске қосылды. Бұл өндірістік жарақат салдарынан мүгедектік алған адамдар мен олардың туыстарына психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсетуге бағытталған. Жобаның басы-қасында жүрген қоғам қайраткері Абай Сыздықов өзі де мүгедектер арбасында отырып, басқаларға қолдау көрсетті.



ДАМУДЫҢ 6 ЖЫЛЫ

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы 2020 жылы сәтті жүзеге асырылды. Бағдарлама аясында көпқабатты үйлер мен әлеуметтік нысандар жөнделіп, аулалар абаттандырылды, балалардың ойын алаңдары салынды. Нәтижесінде 5 мың адам еңбекпен қамтылып, көптеген кәсіпорындар жұмысын жандандырды.

Былтыр «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» жобасы жүзеге асып, ілкімді жұмыстар атқарылғанын көрдік. Жоба аясында 63 жастан асқан азаматтарға мәдени-сауықтыру іс-шаралары, компьютерлік сауаттылықты арттыру курстары, психологиялық және құқықтық қызметтер ұсынылды. Орталыққа қатысушылардың бірі, 67 жастағы зейнеткер Айгүл апай өз әсерімен бөлісті.

– Бұл орталыққа келгеннен бері өмірімде жаңа серпін пайда болды. Күн сайын түрлі шараларға қатысып, жаңа достар таптым. Компьютерлік сауаттылық курстары маған заманауи технологияларды меңгеруге көмектесті. Ең бастысы өзімді қоғамның белсенді мүшесі ретінде сезінемін, – дейді Айгүл апай.

Орталықтың қызметі аға буын өкілдерінің өмір сүру сапасын арттыруға, олардың әлеуметтік белсенділігін сақтауға және қоғаммен тығыз байланыста болуына ықпал етеді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Құттықтау

Токсан – толғаныс, тектілік пен тағзым

«Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады»

Ардақты әкеміз, асыл атамыз – Социал Жақсыбекұлы!

Токсан жасыңыз – асқақ ғұмырдың биік белесі, мағыналы өмір жолының мерейлі межесі. Бұл – елге жасаған еңбегіңіздің, ұрпаққа қалдырған өнегеніздің, шаңыраққа берген берекеніздің құрметті тойы.

Сіз – адалдық пен парасаттың, төзім мен тектіліктің асыл үлгісісіз. Өмір бойы әділ сөзден айнымай, елге, жерге, отбасыңызға адал қызмет еттіңіз.

Осы қуаныштың төрінде біз бір жанды ерекше еске аламыз – Сізге асыл жар, бізге қымбат ана болған өмірлік серігіңіз, біздің сүйікті әкеміз – Назым.

Үш жыл бұрын бұл өмірден өтсе де, рухы бүгін де жанымызда. Жүзіңізге қуаныш сыйлап, қасыңызда күліп отырғандай елестейді. Анамыздың ақ батасы, мейірімі, жылылығы әрдайым төрімізде.

Сіздер екеуіңіз – татулықтың, сыйластықтың, адалдық пен берекенің шынайы шырағысыздар.

Біз, балаларыңыз бен немерелеріңіз, осындай ата-ана, ата-әже сыйлаған тағдырымызға мың да бір шүкіршілік етеміз.

Алла Сізге амандық, қуат, ұзақ ғұмыр нәсіп етсін! Әр күніңіз мерейге, әр қадамыңыз жақсылыққа толы болғай!

Жүз жаса, ардақты әке, асқар таудай, Бердіңіз мейірім мен асыл баудай. Назым жарың жаныңда болмағанмен, Рухыңыз бірге мәңгі, қос қанаттай.

Ізгі тілекпен: **балаларыңыз бен немерелеріңіз**

№313

Ауыл ажарын ашқан

Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданындағы Ғабиден Мұстафин ауылында «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында жана спорттық-сауықтыру кешені ашылып, тұрғындар үшін медициналық қызметтердің сапасы артты.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Өткен жылдың соңында мұнда жана спорттық-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Бүгінде кешенге күніне жүзге жуық адам келеді. Қазіргі таңда спорт кешенінде балаларға арналған бірнеше үйірме жұмыс істейді. Атап айтқанда, каратэ, бокс, кикбоксинг, күрес, футбол, баскетбол, армрестлинг, ауыр атлетика секілді спорт түрлерінен жаттығулар өтеді.

– Дене шынықтыру-сауықтыру кешінінің салынуын күттік. Ашылғанына бәрі қуанды. Спорттық елдімекен болғандықтан, сабаққа басқа

«Ауыл – ел бесігі» жобасының басты мақсаты – ауылдық жерлерде өмір сүру сапасын жақсарту, ауылдық аумақтардың әлеуметтік ортасын жаңғырту, оларды өңірлік стандарттарға жеткізу. Жоба бойынша әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым жақсартылып, жолдар ретке келтірілуде.

Бұқар жырау ауданында бүгінде 138 спорт нысаны жұмыс істейді. Оның ішінде, үш спорттық-сауықтыру орталығы бар. Олар – Ботақара, Ғ. Мұстафин және Қарақұдық ауылдарында орналасқан. Ал, Қушоқы ауылында спорт кешенінің құрылысы жүріп жатыр. Мұнан бөлек, «Ауылдық денсаулық және ауыл шаруашылығы саласында кешіні қолданылады. Жол талғамайтын қуатты қозғалтқыш, қарапайым әрі жөндеуге ыңғайлы құрылым, оны Қазақстанның күрделі климаттық жағдайларында сенімді серік етеді.

Еуропалық яки жапондық брендтермен салыстырғанда, HOWO-ның бағасы әлдеқайда төмен. Арзан бағам сапа төмен деген сөз емес. HOWO көліктері жылдар бойы ауыр жүкті көтере жүріп, дұрыс күтім жасалса, жөндеуге көп мұқтаж болмайды. Жоспар бойынша заманауи зауыт жылына 10 000 техника шығарады деп күтілуде. Манызды нысан құрылысы әлдеқашан басталып кеткен. Құрылыс алаңында қазір қызу жұмыс. Крандар көк тіреп, бетон араластырығыштар үздіксіз айналып тұр. Инженерлер мен құрылысшылар уақытпен ұнасып, күндіз-түні ел игілігі үшін еңбек етуде. Келер күндер еншісінде сан мыңдаған жұмыс орны, аймақтағы инфрақұрылымның жандану мүмкіндігі әрі экспорттық әлеуетті арттыру тетігі төбе көрсетеді.

Капитал қалт еткен мүмкіндікті қалт жібермейді. Теңгелік

Тәртіп – тұрақтылық тірегі

Қазіргі заманның басты талаптарының бірі – азаматтардың қауіпсіздігін жан-жақты қамтамасыз ету. Бұл – құқықтық тәртіпті сақтау ғана емес, әр адамның цифрлық ортада, қоғамдық кеңістікте, жолда да өзін еркін әрі сенімді сезінуі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қолға алынған бастамалар бүгінде нақты нәтиже беруде. Қарағанды облысы – бұл бағытта көш бастап, құқықтық қауіпсіздікті заманауи технологиялар арқылы қамтамасыз етіп отырған өңірлердің бірі.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Цифрлық бақылау – әділеттің айнасы

Аймақта қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті сақтау мақсатында заманауи ақпараттық-бағдарламалық кешендер кеңінен қолданылып жатыр. Нақтырақ айтсақ, облыс аумағында бүгінде 183 цифрлық бақылау құрылғысы (170 стационарлық және 13 мобильді) тәулік бойы жұмыс істеп тұр. Бұл жүйелер жол қозғалысындағы тәртіп бұзушылықтарды автоматты түрде тіркеп, деректерді өңдеп, құқық қорғау органдарына жедел жолдайды.

Жыл басынан бері осындай цифрлық бақылаудың нәтижесінде 43 мыңнан астам құқықбұзушылық анықталған.

– Басты мақсат – айыппұл салу емес. Қауіпсіздікті сақтап, құқықтық мәдениетті қалыптастыруды көздейміз. Автоматтандырылған жүйелер – ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етудің тиімді жолы, – дейді облыстық полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары Елжас Жартыбаев.

Сонымен қатар, жолдағы қозғалысты тиімді басқару мақсатында Қарағанды қаласында 201 бағдаршам нысаны жаңартылып, орталықтандырылған жүйеге қосылған. Олардың ішінде, 60 бағдаршам «Жасыл толқын» режимінде, ал, 10 бағдаршам – адаптивті режимде жұмыс істейді. Соңғысы – жол-



Қолжазба жасап отырған Айсбек Рахымжан

дағы көлік қозғалысын өздігінен «түсініп», реттеп отыратын интеллектуалды құрылғы.

Бағдаршамның жасанды интеллектпен басқарылуы қаладағы көлік кептелістерін азайтып, апат қаупін төмендетіп отырғанын атап айту керек.

Тендік пен қауіпсіздіктің негізі

Құқықтық қауіпсіздік жол ержелерімен ғана шектелмей, азаматтардың барлық салада тең мүмкіндікке не болуын қамтамасыз етеді. Бұл бағытта қолға алынған «Қол-жетімді интернет» ұлттық жобасы – еліміздің шалғай аймақтарындағы цифрлық теңсіздікті жоюға бағытталған маңызды бастама.

Бүгінгі таңда облыстың 342 ауылдық елдімекенінің 248-і интернетке қосылған. Десе де, 94 ауылда мүлде интернет жоқ, ал, 20-сы тек 2G желісімен шектелген.

Облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильинский, қазіргі таңда интернет байланыс құралы әрі қауіпсіздік пен даму факторы екенін айтады.

– Әр азаматтың цифрлық кеңістікке еркін қол жеткізуі – оның ақпаратқа, білімге және мемлекеттік қызметтерге тең құқылы екенін білдіреді. Біз ауылдағы әр үйге интернет тарту арқылы жана өмір сапасын қалыптастыруға күш салып жатырмыз, – дейді ол.

2027 жылға дейін облыстың 97 ауылына интернет жеткізіліп, 151 мың адам жоғары жылдамдықты желімен қамтылады. Бұл – заңдық, әлеуметтік және цифрлық қауіпсіздікке тікелей ықпал ететін фактор.

Құқықтық қауіпсіздіктің тағы бір маңызды қыры – жаяу жүргіншілер тәртібі. 2024 жылдың шілдесінен бастап іске қосылған «Аргус-Пешеход» жүйесі арқылы Қарағанды мен Теміртауда 3 125 ереже бұзу фактісі тіркелген. Бұл жүйе тек жүргізушілерді емес, жаяу жүргіншілерді де тәртіпке шақырады.

Шет ел тәжірибесі

Көптеген елдер технологияны қоғам игілігіне бейімдеп, қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін нығайтудың тың тәсілдерін енгізіп келеді. Мәселен, Сингапурда барлық көлік ағыны мен жүргіншілер қозғалысы орталықтандырылған бақылау жүйесімен қадағаланады. Қаланың басты жолдары мен қиылыстары бейнебақылау камералары мен адаптивті бағдаршамдармен жабдықталған. Жол тәртібін бұзған сәттен-ақ жүргізушіге айыппұл автоматты түрде жіберіледі. Осылайша, қоғамда тәртіпке бейімделу мәдениет деңгейіне көтерілген.

Германияда құқықтық тәртіпті сақтау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін «Smart City» (Ақылды қала) жобалары белсенді жүзеге



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

асырылып келеді. Берлин, Мюнхен, Гамбург сияқты ірі қалаларда бейнебақылау жүйелері жасанды интеллектпен жабдықталып, тек ереже бұзушылықты емес, қауіп төнуі мүмкін жағдайларды алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Қоғамдық көлікте, алаңдарда, мектеп маңында күдік тудыратын әрекеттер автоматты тіркеліп, полиция дереу әрекет етеді.

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, қауіпсіздік жүйесі адамның еркіндігін шектеу үшін емес, оның құқығы мен амандығын қорғау үшін қажет. Қазақстанда да қолға алынып жатқан цифрлық бақылау мен инфрақұрылымды дамыту бастамалары – осы ғаламдық үрдіспен үндес.

Сөз соңы

Қоғамдағы қауіпсіздік полиция мен бақылау жүйелеріне ғана емес, әр азаматтың құқықтық мәдениетіне де байланысты. Облыста қолға алынған цифрлық жобалар – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау аясында азаматтардың өмір сүру сапасын арттырып, құқықтық орта қалыптастыруға бағытталған нақты қадамдар.

Цифрлық технологиялар мен құқықтық тәртіп қатар дамығанды ғана нағыз қауіпсіз әрі әділетті қоғам қалыптасады. Әр тұрғын өз құқығын қорғай білсе, әр орган өз міндетін адал атқарса, бұл жолда жеңіс ортақ болмақ.

Кәсіпорын қанат жайып келеді

(Соңы. Басы 1-бетте)

HOWO маркалы жүк көліктері мен арнайы техникалар енді өз елімізде, өзіміздің қос қолымызбен Қарағандыда құрастырылады. HOWO – ауыр салмақтағы алып көлік. Марка – Қытайдың Sinotruk компаниясының туындысы. Бір қарасаңыз, «сүйекті» көлік техниканың қарапайым түріне ұқсауы мүмкін. Алайда, оның ішінде – темірдей төзім, ал сыртында – еңбек майданының мәйексары шаңына малынған көпжылғы абырой жатыр. HOWO көліктері, әсіресе HOWO A7, T5G, T7H сынды үлгілері, құрылыс, карьер және ауыл шаруашылығы саласында кеңінен қолданылады. Жол талғамайтын қуатты қозғалтқыш, қарапайым әрі жөндеуге ыңғайлы құрылым, оны Қазақстанның күрделі климаттық жағдайларында сенімді серік етеді.

Еуропалық яки жапондық брендтермен салыстырғанда, HOWO-ның бағасы әлдеқайда төмен. Арзан бағам сапа төмен деген сөз емес. HOWO көліктері жылдар бойы ауыр жүкті көтере жүріп, дұрыс күтім жасалса, жөндеуге көп мұқтаж болмайды. Жоспар бойынша заманауи зауыт жылына 10 000 техника шығарады деп күтілуде. Манызды нысан құрылысы әлдеқашан басталып кеткен. Құрылыс алаңында қазір қызу жұмыс. Крандар көк тіреп, бетон араластырығыштар үздіксіз айналып тұр. Инженерлер мен құрылысшылар уақытпен ұнасып, күндіз-түні ел игілігі үшін еңбек етуде. Келер күндер еншісінде сан мыңдаған жұмыс орны, аймақтағы инфрақұрылымның жандану мүмкіндігі әрі экспорттық әлеуетті арттыру тетігі төбе көрсетеді.

Капитал қалт еткен мүмкіндікті қалт жібермейді. Теңгелік

айналымның темірдей тәртібі сондай болса керек. Ел экономикасына құйылған нақты инвестиция, отандық өндіріс үшін салынған іргетас, ертеңгі күнге сеніммен қарауға берілген орасан мүмкіндік деген ләзім мұны.

Серіктестік туралы стратегиялық келісімге Астана қаласында, салтанатты жағдайда қол қойылды. Манызды құжатқа қол қою рәсіміне Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр тікелей қатысты. Жобаға берілген жоғары саяси сенім мен мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған нақты қолдаудың түп нәтижесінде үр жана кәсіпорын тек өндіріс орны емес, еліміздегі коммерциялық техника өндірісін жана сапалық деңгейге шығаратын серпінді жоба болмақ. Қазақстан Үкіметінің қолдауымен іске асып жатқан баянды да байырқалы бастама ұлттық өндірісті өркендетіп, әртараптан-дыруға, импортқа тәуелділікті мейілінше азайтуға әрмен қарай халықаралық технологияларды ел экономикасына интеграциялауға бағытталады. Келелі араласым – Қазақстан мен Қытай арасындағы өндірістік байланыстың жаңа парағы ғана емес, сонымен қатар, ел аумағында жоғары технологиялы, экспортқа бағытталған өндірісті дамытудың өркеніетті үлгісі.

– Ерекше назар жергілікті өндірісті дамытуға аударылылады. Кәсіпорын алдағы уақытта Qarmet отандық металлургиялық кәсіпорнында өндірілетін мырышталған болаттан жасалған кузовтық бөлшектерді пайдалануды жоспарлап отыр. Осылайша Қазақстанда өндірілетін шикізатты кеңінен қолдануға және техниканы толықтай ел ішінде құрастыруға жол ашатын шешуші қадам,

– деп баса белгіледі Роман Скляр. Спикердің айтуынша, мұндай тың тәсіл жергілікті қосалқы бөлшектер өндірісін жандандырып қана қоймай, елімізде толыққанды өндірістік цикл қалыптастыруға мүмкіндік береді. Соңыра тек техниканы жинау емес, оны өзіміздің шикізаттан жасап шығару дәуіріне бет түзетіміз шындық.

Қазақстанда тұңғыш рет

Өңір әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құрылыс алаңына барып, зауыттың құрылтайшыларымен кездесті. Ол бұл жобаның аймақ экономикасы мен ел өнеркәсібінің дамуына қосар үлесі зор екенін атап өтті.

– Келелі келісім – Қытай компаниясымен ынтымақтастықтың айшықты үлгісі. HOWO маркалы техниканың нарықтағы сұранысы да бәсі де жоғары. Жергілікті атқарушы билік ретінде біз іргелі іске тікелей араласып отырмыз. Жобаның мерзімінде әрі сапалы жүзеге асуы үшін барынша қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Жана кәсіпорын заманауи технологиялық қондырғылармен толық жабдықталады. Ерекше атап өтерлік жайт – Қазақстанда тұңғыш рет мұнда металды катафорездік өңдеу желісі орнатылады. Демек, еліміз үшін мүлде жаңа, теңдессіз технология. Оның көмегімен жүк көліктерінің кузовтары коррозиядан жоғары деңгейде қорғалып, техника ресурсы мен беріктігі айтарлықтай артады. Өркениетті өндіріс орны мыңға жуық жана жұмыс орнын ашуды жоспарлап отыр. Аймақ халқы үшін үлкен әлеуметтік мүмкіндік саналған, еңбекпен қамтудың жаңа көкжиегі және өңірдегі кәсіби кадрлар даярлау ісіне тың сер-

пін беретіні көңіл қуантады. Жоба жетекшісі Станислав Лидін айтуынша, құрылыс-монтаж жұмыстары биылғы жылдың соңында аяқталады. Толық өндірістік циклге арналған жабдыққа тапсырыс берілген. Өндіріс желісін іске қосу желтоқсан айына жоспарланған. Ендігі жылы шамамен 2 мың дана техника шығарылып, өндіріс көлемі кезек-кезеңімен ұлғаяды.

– Құрылыс-монтаж жұмыстары осы жылдың соңына дейін аяқталады. Қазірдің өзінде толық өндірістік циклге арналған жабдыққа тапсырыс берілді. Зауытты іске қосу да желтоқсан айына жоспарланған. Ендігі жылы шамамен 2 мың дана техника шығарылып, өндіріс көлемі кезек-кезеңімен ұлғаяды.

Зауытқа қажетті жабдықтар 2025-2026 жылдары Өнеркәсіпті дамыту қорының қолдауымен жеткізіледі. Алғашқы партия – шасси мен кабина құрастыруға арналған жабдық биыл қазан айында келеді. 2026 жылдың екінші тоқсанында бояу және дәнекерлеу цехтарына арналған кешенді қондырғылар орнатылады. Көнігі мамандардың айтуынша, металды катафорездік өңдеу желісі технологиясы көлік шапнақтарын тозудан сенімді қорғап, қызмет мерзімін айтарлықтай ұзартады.

Президент реформасының аясында жүзеге асып жатқан жоба ұлттық сенімнің, отандық өндірістің, жұмысшы еңбегінің жарқын бейнесі. Өйткені, біз енді техника тұтынушысы ғана емес, техниканы өндіруші елміз. Қанаттанып келе жатқан үр жана кәсіпорын – «Әділетті Қазақстанның» өнеркәсіптік арқауы, ал оның табалдырығын атайтын әрбір жұмысшы – ел мүддесіне қалтқысыз қызмет ететін жана дәуірдің темір тұлпарлы сарбазы. Ұлттық капитал ел болашағына жұмыс істеп тұр. Сәт!



Сурет облыс әкімінің сайынан

жақын ауылдардан келеді. Әр түрлі секциялар – каратэ, бокс, кикбоксинг, күрес, футбол, баскетбол, армрестлинг, ауыр атлетика бар. Жаттықтырушылар штаты жасакталған. Барлық сабақтар тегін, – дейді спорт орталығының жетекшісі Ерназар Мәдікен.

Жана спорт кешенінің сыйымдылығы – 320 орын. Сонымен қатар, мұнда балалар музыка мектебіне қатыса алады. Яғни, екінші қабагтағы арнайы бөлмелер музыкалық мектепке берілген. Айта кету керек, бүгінде Ғ.Мұстафин ауылының тумасы, 13 жастағы Яна Ширяева Токиода өтетін қаратэден әлем чемпионатына қызу дайындық жүргізіп жатыр.

• ДІН – ДІҢГЕК

Осакаровта орталық мешіт ашылды

Өткен жұмада Осакаров ауданының орталығында жергілікті жамағат көптен күткен мешіт ашылды. Мешітке осы жердің ежелгі «Сарыбел» атауы берілген. Астана мен Қарағандыны жалғайтын күре жолдың бойындағы іргелі елдімекеннің халқы осындай бір имандылықтың ордасына көптен мұқтаж болып келгені рас еді. Енді, міне, көптің тілегі қабыл болып, жаңа мешіт те ашылды.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы мен Қарағанды облысының Бас имамы Естай Айтуғанұлы аудандық мешіттің ашылуына арнайы келіп, жамағатқа құтты болсын айтты. Алла үйінің ашылу салтанатында алдымен ауылдың үлкені Еркінбай Темірұлы ақсақал көпшілікке игі лебізін арнап, қазаки дәстүрмен батасын берді.

«Исламда мешіт ұғымы өте кең ауқымды қамтиды. Мұсылмандарға құлшылық орны болуымен қатар, ол қоғамның рухани орталығы болып табылады. Мешіт – жекелей адамның тап болған мәселелерін шешуге әрі қоғам арасындағы бірлік пен бейбітшіліктің, ынтымақтың сақталуына дәнекер болатын орын. Себебі, қазақ қоғамында адам өміріне қатысты басты діни рәсімдердің барлығы мешітте орындалады», – деді Бас мүфти өз сөзінде.

Шынында да, имани ғұрыптарымызды атқарарда молда іздеп, мешітке жүгінеміз. Құдайға қараған жандар 1998 жылы он шақты адамға арналған шағын мешітті Осакаровкада өздері ашып алған екен. Осы ғимаратқа 2004 жылы жөндеу жүргізіліп, бір мезгілде жиырма шақты адам құлшылық жасай алатындай болыпты. Сегіз мыңнан аса халқы бар кенттің мұсылмандары құрқытайдың ұясындай сол шаңыраққа да тәуба-



сын айтып келді.

Ал мына Шеткібұлақ көшесінің басындағы еңселі жаңа мешіттің құрылысы ел азаматтарының қолдауымен 2019 жылы басталған болатын. «Осакаровка кентінде мешіт салу қоғамдық қоры» құрылып, оның басшылығына беделді, иманды азамат Аманкелді Нұғманов сайланды. Қырсық қылғанда, игі бастама күллі дүниені дүрліктірген пандемия кезеңіне тап келіп, сол жағдай біршама қолбайлау болды. Дегенмен, ауыл тұрғындары, кәсіпкерлер мен меценаттар ұйымшылдық көрсетіп, табандылық танытып, арман болған мешітке алты жыл дегенде қол жеткізді.

Әсем күмбезі мен мұнаралары меймұдалап тұрған жаңа мешіт мың адамға арналған. Қос қабатты мешіт ішінде имамның бөлмесі, негізгі зал, әйелдер залы, кітап-

хана бар. Жаңа мешіт – тек құлшылық орны ғана емес, сонымен қатар, жас ұрпаққа тәрбие-білім беретін, әлеуметтік қолдау көрсететін, діни-ағартушылық қызмет атқаратын жан-жақты орталық саналады.

Наурызбай қажы Тағанұлы жаңа мешітте бір мезгіл уағыз айтып, жұма намазын оқыды. «Жат діни ағымдардың қоғамға қауіптілігі» тақырыбында уағыз айтқан Бас мүфти: «Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ислам дінін ұлттық болмысымен үйлестіріп, асыл қазына ретінде ұрпақтан ұрпаққа аманаттап жеткізді. Олар шариғи үкімдерде ханафи мазһабын, сенім мәселелерінде матуриди ақидасын берік ұстанды. Бұл қос негіз халқымыздың рухани өзегіне айналып, ұрпақты сабырға, байыптылыққа, асыл дінімізді құр-

меттеуге және оны терең түсінуге тәрбиеледі», – деді.

Мешіт – елді мейірімділікке, сүйіспеншілікке шақыратын, бір-біріне қамқор болып, қол ұшын беретін, зәру адам жанына тыныштық табатын ұлық мекен ғой. Бұл – имандылықтың, білімнің, ғылымның ордасы. Дәл осы халық тығыз орналасқан жерге, үлкен жолдың бойына мешіт салдырған иманы қаміл ағайынға Алла разы болсын дейміз. Алла Тағала мешіттерімізді көркейтіп, ішінің жамағатқа толуын нәсіп етсін.

Осакаров ауданы

СУРЕТТЕ: «Сарыбел» аудандық орталық мешітінің ашылу салтанаты

Суретті түсірген Г.Сембай

• ТАНЫМ

Жүректегі кілт

Бұл күнде адамға жігер бергіштер, былайша айтқанда «мотиваторлар» көп. Әлеуметтік желіні, ғаламторды ашып қалсаңыз болды, «ақылшылардан» көз сүрінеді. Бұлар – бай, табысты, үлгілі болуға үйрететіндер. «Жетістікке жетудің пәленше сыры» деген тақырыптағы дәрістерді бүгінде жас буын ізден жүріп тыңдайды, оқиды. Бір қызығы – әлгі ақыл айтқыштар сол дәрістері арқылы қыруар қаражат табады. Ақпараттарды іздетіріп, есептесеніз, бұл дегеніңіз көп-көрім табыс көзі. Мұндай халқымыз «Аңқау елге арамза молда» демей ме?! Осындай тақырыптағы әлемдік әдебиеттер де трендте қазір. Сатылымы мен таралымы сұмдық. Адам болуды, өмірде түзу жол табуды хакім Абай айтып кеткенін біле ме екен осы жұрт. Біздіңше, біледі. Бірақ, мән бермейміз, ден қоймаймыз.



Сурет ашық дереккөзінен

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өмірде жолы болмай жүрген адам күндердің бір күнінде соның себеп-салдарын іздейтінін анық. Оң мен солына қарайлайды, жағдайын, сол кездегі халін таразылайды. Міне, осындай кездерде адам пайдасыз білімге ұрынады. Смартфонын қосып қойып, елге ақыл айтып, ақшасын шытырлатып санап отырғандарға ұрынады. Әрине, ондай білімде керек шығар. Бірақ, әр білім мен ілімнің түбірі, шайқалтпас негізі болса керек. Біз негізсіз, іргетасы жоқ білімді айтып отырмыз.

Мәселен, Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңіне жүрек көзін бұрыңызшы. Бала кезде мектепте жаттаған шығарсыз. «Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба, Құмарланып шаттанба, Ойнап босқа күлуге» деп басталады. Пендені мына жарық жалғанда жарға жығып тынатын бес дұшпанды, өрге сүйрейтін «Бес асыл істі» айқындап тұр. Ал, табысты болудың сырын мына бір

тіркесінен ұғасыз: «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз». «Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз». Немесе, «Сегіз аяқ» өлеңіне қараныз. «Болмасын кекшіл, Болсайшы көпшіл, Жан аямай кәсіп қыл. Орынсыз ыржаң, Болымсыз қылжаң, Бола ма дәулет, нәсіп бұл? Егіннің ебін, Сауданың тегін Үйреніп, ойлап, мал ізде. Адал бол – бай тап, Адам бол – мал тап, қуансаң қуан сол кезде». Жалпы, «Сегіз аяқ» өлеңі хакімнің шоқтығы биік шығармаларының бірі. Бұл өлеңнен өмірдің шынайы бейнесін, қарқынын енді ғана бағайлай бастаған, немесе, жастықтың мастығымен көкірек көзі ашылмай жүрген әр адамды сілкіп оятатын өлең. «Білгендердің сөзіне, махаббатпен ерсеңіз» болғаны.

Жалпы, Абайдың шығармашылығына үңілсек, өмірде адам жолында кезітетін барлық қиындықтың, сауалдың жауабы – жүректе. «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» деген өлеңінде «Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме» дейді.

• ТУРНИР

Боз кілемде белдесіп...

Қазақ күресі – ежелден келе жатқан білектің күші мен жүректің жігерін сынайтын ұлттық ойын. Спорт күніне орай, Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен Орталық саябақта республикалық қазақ күресі турнирі өтті. Дүбірлі додаға еліміздің түпкір-түпкірінен келген 26 балуан қатысып, 100 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күш сынасты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сайысқа қатысушылардың қатарында әлем, Азия және Қазақстан чемпиондары бар. Кілен мықтылар жиналған белдесуде балуандар боз кілемнің шаңын шығарды. Тіпті, жаңбыр жауғанына қарамастан, күрес аса жоғары деңгейде өтті. Көрермендер де күреске ынтығып қалса керек, көлдеі көңілдерімен балуандарға қолдау білдірді.

Ақтық сында боз кілемде шымкенттік Ерсұлтан Мұзаппар мен өңіріміздің

балуаны Ерканат Молдағұлов белдесті. Бағы жанып, бабы келісіп, жеңіс Ерканат Молдағұловқа бұйырды. Жеңімпаз бас жүлде – автокөлікті тізгіндеді. Шырайлы Шым қаладан келген Ерсұлтан 1 000 000 теңге жүлдені еншіледі. Ал қос қола жүлдені Дидар Нұхаш пен Ерасыл Нұмат еншілеп, әрқайсысы 500 000 теңгені қанжығалады.

Спорт күні қарсаңында ұйымдастырылған республикалық турнирде еліміздің әр өңірінен келген білекті балуандардың басы бірігіп, елдіктің рухын асқақтатты.



Сурет ашық дереккөзінен

• СПАРТАКИАДА

Аймақ спортшыларының алааманы

Саран қаласында үш күнге ұласқан «Арай-2025» қалалар арасындағы жазғы спартакиада өтті. Аймақ спортшылары бас қосқан додада әр қаланың намысын қорғаған қатысушылар өзара бак сынап, жүлдені сарапқа салды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спорт бәсекесінің бағдарламасы кең ауқымды қамтыды. 13 спорт түрінен сайыс ұйымдастырылды. Қатысушылар қол күрес, қазақ күресі, жазғы президенттік көпсайыс, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, кір тасын көтеру, арқан тарту, шағын футбол, волейбол (ұлдар және қыздар), үстел теннисі, асық ату және жеңіл атлетика бойынша сынға түсті. Аталған бағыттардың әрқайсысына да қатысушылар тыңғылықты дайындалып, жоғары ойын мәнерін көрсетті. Көңілді көрермендер мен жанкияр жанкүйерлер де қиулап, спартакиаданың көрігін қыздырды. Айта кетерлігі, сайысқа облыс қалаларында бір жылдан артық тұратын, 18 жастан жоғары спортшылар қатыса алады.

Тартысқа толы бәсекенің қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте үздіктер көш бастады. Қарағанды қаласының спортшылары бірінші орын иеленіп, аймақ спортындағы кәнігілігін тағы бір мәрте дәлелдеді. Екінші орынды Теміртау қаласы иеленсе, үшін-



ші орынға Шахтинск қаласы жайғасты.

«Арай-2025» – облыстың әр қаласында жыл сайын тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Жарыстың соңында жазғы спартакиаданың эстафетасы Балқаш қаласына табыс етілді.

Шынықсаң – шымыр боласың. Спортпен шұғылданғандардың ғұмыры да

шұғылалы болары кәдік. Спартакиада аймақтағы бұқаралық спортты өркендетіп, оны кеңінен насихаттауға, сондай-ақ, қалалар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға зор үлес қосатыны анық.

Сурет ұйымдастырушылардан

**ORTALYQ
QAZAQSTAN**

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактордың м. а.
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Таралымы 3 478
№90 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**